

ақтығы, жүрегіміздің пәктігі, жанымыздың жомарттығы-табиғат ананың сыйы деп білеміз. Қазақ философиясындағы ұлттық дүниетанымындағы алғашқы көзқарастар табиғат тылсымымен тығыз байланысты болды.

Қазақтың ұлттық даналығы оның тілінде. Сөз өнері қазақ халқы үшін өнердің ең жоғарғы формасы. Алғашқы дүниетанымдық көзқарастарды аңыз, жұмбақ, мақал-мәтелдерге жасырған [4].

Оқушылардың дүниетанымын халық тағылымы материалдары арқылы дамытуда қазақ қоғамында ежелден жеке адамдардың даралық қасиетін жоғары бағалағанын ескергеніміз жөн. Кез-келген халық даналығын да, батырлар жырларын да немесе халықтың мақал-мәтелдерін қарастырсақ бәрінде де негізгі рөл тұлғаға беріліп, жігіттің батырлығы, дарқандығы, адамгершілігі, кісілігі, жомарттығы, т.б. асыл қасиеттері насихатталады. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты түзеу, бірлікті сақтау, адамдарды бірлікке, адамгершілікке баулу қазақ дүниетанымындағы басты мәселе. Осыны тану үшін бізде терең таным, ерекше бір даналық болуы шарт. Ең бірінші кез келген ұлттың бойындағы асыл құндылықтар оның дәстүрлі дүниетанымында жатыр. Сондықтан біз асыл қазынамызды жоғалтпау үшін адамзатқа ортақ мүддеде өмір сүре отырып, халық даналығын терең данышпандықпен толғай отырып талдауымыз шарт.

М.Жұмабаев: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да тәрбиеден басталады», - деп жазды. «Адамға ең бірінші білім емес тәрбие берілу керек. Онсыз берілген білім — адамзаттың қас жауы», - дейді ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби. Олай болса, білім алудың негізгі қағидасы тәлім-тәрбие. Шығыс ғұламасы: «тәрбиесіз берілген білімнің құндылығы болмайды», - дейді тағы да. Расында, бар күшімізді білімге жіберіп, бала тәрбиесін назардан тыс қалдырсақ, біздің ұрпақ алдындағы үлкен қателігіміз де сол болмақ. «Бала тәрбиесі-баршаға» демекші ұстаздар, тәрбиешілер баланы дұрыс тәрбиелеуге, санасының қалыптасуына үлес қосамыз. Бүгін ақылды ұрпақ тәрбиелеп, ертеңге сенімді ұрпақ табыс ету де біздің еншімізде десе де болады.

Ұрпақ тәрбиесіндегі басты ұстаным-тәрбиелеудің ұлттық жолдарын саралап, айқындап бала бойына сіңіре білу. Яғни, бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеу. Өткені, ұлттық тәрбиенің мақсаты болашақта ұлттық сана-сезімі жоғары, өз елінің салт-дәстүрін, тарихын, мәдениетін жақсы білетін, сүйетін, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу. Ұлттық санасын ояту, өз ұлтының ана тілін, дінін, мәдени мұраларын меңгерту. Бала бойына жанашырлық, сенімділік, шыдамдылық, намысшылдық тәрізді ұлттық мінезді қалыптастыру.

Осылайша, қазақ ұрпақ тәрбиелеудің талай тамаша жолдарын тағайындап, оны жүзеге асырудың амал-тәсілдерін айқындаған. Педагог М.Жұмабаев: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі, бала тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақпақ жол болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен жетелеуге міндетті», - деп ұлттық тәрбиенің, халықтық педагогиканың ұлағаттылығын дөп басып айтқан.

Біздің басты міндетіміз-қазақтың еліне, жеріне, әрбір тау-тасына иелік ете білу сезімін жас ұрпақтың жүрегіне, санасына сіңіру. Қазақта қандай дүние, қандай рухани байлық болса, сонымен мақтана алатын саналы, интеллектуальдық мінез-құлқы қалыптасқан, өз елінің өзге елдермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ететін парасатты ұрпақ тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан халқына 2012 жылғы Жолдауы. - Астана, 2012.
2. <http://45minut.org/2012/11/06>
3. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы.
4. Керімбаева Р. Оқушының дүниетанымын қалыптастыру // Бастауыш мектеп.

*Рустемова Ж.А, ф.ғ.к., доцент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Балалар әдебиетінің әлемдік бастау көздерін әлемдік әдебиеттің де қайнар бұлағы болып табылатын архаикалық өркениеттен, антика дәуірінен, әлемдік діндер дамуының алғашқы баспалдақтарынан, сонымен қатар әлемдік фольклордан іздеу керек. Олай болса, әлемдік әдебиетті антикалық дәуірден бері қарай жүйелеуде төмендегідей көріністі байқаймыз:

1. орта ғасыр – III-XIV ғасырлар;
2. қайта өрлеу дәуірі – XIV-XVI ғасырлар;
3. ХҮІІ ғасыр әдебиеті;
4. ағарту дәуірі – ХҮІІІ ғасырлар;
5. ХІХ ғасыр әдебиеті;
6. ХІХ ғасыр және ХХ ғасыр ширегіндегі әдебиет;
7. ХХ ғасыр әдебиеті[1, 181-б.].

«Антикалық әдебиет мифологиялық сюжетті негізге алса, орыс әдебиеті Х ғасырда пайда болғанда оның қозғаушы күші ретінде христиан дінінің шешуші қадам болғанын жоққа шығармайды»[2,12-б.] деген пікір орыс әдебиеттанушыларының орыс балалар әдебиеті тарихын дәуірлеуге қатысты зерттеулеріне иек сүйеуді қажетсінеді. Мәселен, Ф.И.Сетин орыс балалар әдебиеті даму тарихы кезендерін IX-XVII ғасырлардағы ежелгі орыс балалар әдебиеті, XVIII ғасырдағы, ХІХ ғасырдағы балалар әдебиеті, ХХ ғасырдағы балалар әдебиеті түрінде қарастырса[3], 1998 жылы Т.Д.Полозованың редакциясымен жарық көрген «Русская литература для детей» оқу құралында[4] орыс балалар әдебиеті жазудың әліппеге дейінгі («от возникновения письменности до букваря») кезені, XVIII ғасыр әдебиеті, ХІХ ғасырдың бірінші және екінші жартысындағы балалар әдебиеті, ХХ ғасыр балалар әдебиеті деген даму сатыларына бөлінген. Н.Н.Арзамасцева мен С.А.Николаева сынды зерттеушілер орыс балалар әдебиетінің тарихын дәуірлеуде мынандай сипаттағы жүйелеуді ұсынады:

1. X-XVI ғасырлардағы орыс балалар әдебиеті;
2. XVII-XVIII ғасыр орыс балалар әдебиеті;
3. ХІХ ғасырдың бірінші және екінші жартысындағы балалар әдебиеті;
4. ХХ ғасырдағы балалар әдебиеті[5].

Қазақ балалар әдебиеті де – қазақ қоғамымен бірге туып, біте қайнасып келе жатқан рухани іргелі сала, халық әдебиетінің бір бөлшегі. Әдебиет сыншысы Қ.Ергөбектің «Қазақтың бай ауыз әдебиеті, халық әдебиеті, қыраулар поэзиясы – тұнып тұрған балалар әдебиеті» - деген тұжырымы да[6, 4-б.] қазақ балалар әдебиеті тарихын тұтастықта зерттеу мен кешенді қарастыру қажеттігін байқатады.

«Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» оқу құралында әдебиет тарихының дәуірлері төмендегіше көрсетіледі: ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті, ежелгі түрік әдебиеті(VI-XV ғ.ғ.), қазақтың төл әдебиеті(XV-XVIII ғ.ғ.), ХІХ ғасыр әдебиеті, жаңа жазба әдебиет, ХХ ғасыр басындағы әдебиет, кеңес дәуіріндегі әдебиеті[7]. Қазақ балалар әдебиеті тарихын дәуірлеуде осы үлгіні басшылыққа алар болсақ, төмендегідей кезең суреттері шығады:

1. ертедегі көшпелі тайпалар дәуіріндегі балалар әдебиеті;
2. ежелгі түрік дәуіріндегі балалар әдебиеті(VI-XV ғ.ғ.);
3. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ балалар әдебиеті;
4. ХІХ ғасыр балалар әдебиеті;
5. ХХ ғасыр басындағы балалар әдебиеті;
6. кеңес дәуіріндегі балалар әдебиеті;
7. тәуелсіздік кезеңіндегі балалар әдебиеті.

Балалар әдебиеті тарихын дәуірлеудің жоғарыдағы үлгісі әдебиеттанушы ғалым Б.Кенжебаевтың «Халық болған жерде әдебиет болады, әдебиет болған жерде оның тарихы болады» деген принципті пікірін түбегейлі ескеру болып табылады. Халықты құрайтын – жекелеген адам. Адам балалық шақтан есейеді. Яғни адам баладан өседі, халық баладан өсіп-өнеді. Балалар болған жерде балаларға арналған әдебиет болады, балалар әдебиеті болған жерде оның тарихы болады. Демек, қазақ балалар әдебиеті ХІХ ғасырға дейін бой жасырмақ емес.

М.Жолдасбековтің «Тарих білетін шын ақиқат біреу ғана: кез келген халықтың мәдениетінің, әдебиетінің тарихы сол халықтың өзімен бірге туады, бірге қалыптасады, бірге дамиды, бірге жасайды. Сондықтан да ерте замандарда халқымыз жасаған асыл мұралардың бәрі өзімізге тән екенін бүгінде дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Бұл – аксиома»[8;5] – деген тұжырымы тұрғысынан келгенде қазақ балалар әдебиетінің қайнар көзі ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті болмақ. Бұл тұста әдебиеттанушы М.Әбілұлының қазақ балалар әдебиетінің тарихын сақ дәуірінен бастау жөніндегі пікір-тұжырымдарының[9] негізсіз еместігін айтқан жөн.

«Литература Древней Руси передала детской литературе глубокий нравственный заряд, высокий учительный пафос. Воспитательный потенциал классической русской литературы для детей формировался под влиянием православной педагогики, тесно переплетаясь с народной, с гуманистическими просветительскими идеями»[4, 78-б.] – деген пікір орыс балалар әдебиетінің тарихына байланысты өзіндік ерекшеліктің бір парасын көрсетсе керек. Библияның балаларға арналған қосымшалары Ресейде 18 ғасырдың аяғында пайда болды. Мәселен, А.Тургеневтің неміс тілінен аударған «Библейская нарвоучительная книжка для взрослых детей»(1795) кітабы жұртшылық қызығушылығын туғызды. XIX ғасырдың 30-40 жылдар аралығында А.Зонтагтың «Священная история для детей, выбранная из Ветхого и Нового Завета»(1837), А.Ишимованың «Священная история в разговорах для маленьких детей»(1841) кітаптары қолданыста болды. Библия сюжеттері мен образдары орыс балалар әдебиетін жылдар бойы нәрлендірді. Олардың бірсыпырасы С.Аксаковтың «Детские годы Багрова-внука», Л.Толстойдың «Детство», Н.Гарин-Михайловскийдің «Детство Тёмы» сияқты повестеріне желі болып тартылды. Сөйтіп, Библия қағидаларын 18-19 ғасырларда орыстың көрнекті ақындары өз туындыларына тұғыр ете бастады.

Ертедегі аңыз-әңгімелерді жаңғыртып, сәби санасына бейімдеп жазу дәстүрі қазақ балалар әдебиеті тәжірибесінде де бар. Мәселен, ғалым А.Қыраубаеваның бүлдіршіндер санасына арғы ата-бабалары батырлығын, ерлік істерін, ақыл-парасатын сіңіру мақсатында аңыз, ертегі тудырып, құрастырған «Көк бөрі» кітапшасындағы «Сақ әңгімелері», «Тарғытай», «Тұмар патшайым», «Ширақ батыр», «Мөде батыр», «Түркі әңгімелері», «Көк бөрі», «Білге қаған өсиеті», «Қорқыт бабаның қобызы», «Төбекөз дәу», «Оғыз батыр», «Фараби ата», «Сұлтан Бейбарыс» әңгімелерінде сақ, ғұн, үйсін, Түркі қағанаты, Оғыз дәуірлеріндегі тарихи оқиға, тарихи адамдар өмірі мен ерлікке толы іс-әрекеті бала ұғымына лайық тілмен әңгімеленген. Кітапшада сонымен қатар Ислам дәуіріндегі әдебиет үлгілерін қысқаша, қызықты етіп баяндайтын имандылық әңгімелері орын алған.

Түрік қағанаты дәуіріндегі әдебиет үлгісі «Күлтегін жырындағы» «шығайды бай қылдым» деген сөз қолданысы «Шық бермес Шығайбай» атты халық ертегісіндегі бай образын бейнелейтін сөзбен тәркіндес. Оғыз дәуіріндегі «Қорқыт ата» кітабындағы нақыл сөздерінің ішінде бала тәрбиесіне қатысты «Ананың көңілі балада болар», «Ұл атадан көрмейінше үгіт алмас, қыз анадан көрмейінше үлгі алмас» деп келетін сөздердің халық мақал-мәтелдерімен тамырлас жатқандығын аңғармауға болмас. «Абай сынаған қылықтар: өсек, өтірік айту, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақтық қазақ әдебиетіндегі Абайға дейін келген бес асыл іс пен бес жамандықты суреттеу дәстүрі Ж.Баласағұни заманынан бар екені аңғарылады. Жақсы-жаман қасиеттерді санамалап айту Авеста кітабында да бар болатын»[7, 110-б.] – деген байлам да қазақ балалар әдебиеті тарихын ежелгі түрік дәуіріндегі әдебиетпен байланыстыратын көзқарасты танытады.

Ахмет Иасауидің «Диуани хикмет», Ахмет Жүйнекидің «Хибат-ул хақайық», Жүсіп Баласағұнидің «Кұтадғу біліг» кітаптары оқу мен білім, ғылым мен өнер, даңқ пен дәулет, сарандық пен ашкөздік, ақыл мен сана, намыссыздық пен намысшылдық, әділеттілік пен әділетсіздік, ар мен адамгершілік төңірегінде ой қозғайды, бұлардағы нақыл, даналық сөздер адамның кемелдену жолдарын нақты көрсетеді. Ж.Баласағұни, М.Қашқари, Рабғузи өлең-жырларының Абай мен Ыбырайдың табиғат лирикасымен үндес келу құбылысын А.Қыраубаева «Қазақ әдебиетінде табиғат лирикасы Ы.Алтынсарин, Абай арқылы биік деңгейге көтерілгенмен, оның бастаулары Баласағұни, Қашғари, Рабғузиде жатыр. Мысалы: Баласағұнидің «Жаз» өлеңі Абайдың «Жаз», «Жазғытұры» өлеңдерімен ұқсас екенін аңғарамыз» - деп түсіндіреді[10,132-б.].

Алтын орда дәуірі әдебиетіндегі Рабғузидің «Қисас-ул әнбия» кітабы – орта ғасырдағы шығыс ертегі-аңыздарының, мифтік сюжеттердің, шағын әңгіме, өлеңдердің жинағы. Кітапқа табиғат, жаратылыстың пайда болу жайындағы аңыз-әңгімелер, әулие-әнбиелер жайындағы діни-мифологиялық әңгімелер, аңыз-қиссалар, тарихи діни қайраткерлер туралы қисса-хикаялар

енгізілген. Әдеби ертегінің, оның ішінде ертегі-әңгіменің түп төркіні көне миф, аңшылар туралы әңгіме, хикая, аңыз тәрізді көне прозалық жанрлар болып табылатындығын бұл күнде олардағы тектік, гендік қасиеттер танытып отыр. Сәйф Сараидың «Гүлстан би-т-турки» хикаяттарынан алынған «Патшаның достығына, баланың шаттығына сеніп болмайды. Патшаның достығы бір сәтте, баланың шаттығы бір кеште өзгереді» деген қағида жас бала психологиясын танытумен бағалы болса, А.Қыраубаеваның ««Түрікше Гүлстан» – қызықты новелла-әңгімелердің жинағы. Екінші әңгімесін мысалға алайық: «Бір сұлтанның үш ұлы бар еді. Екеуі ұзын бойлы, ал бірі қысқа бойлы болыпты. Бір күні сұлтан қысқа бойлы баласына жақтырмай қарады. Оны байқап қалған баласы: «Ай ата, ұзын бойлы ақымақтан қысқа бойлы ақылды артық,» - дегені[10,132-б.] қазақ балалар әдебиетіндегі шағын проза жанрының пайда болу кезеңін анықтауға нақты бағдар береді. Сондай-ақ, Алтын Орда дәуірінде назира дәстүрімен туған қисса әңгімелер, оның ішінде Лұқпан хакім туралы да қызықты әңгімелер ХХ ғасыр балалар әдебиетіндегі ертегі-әңгімелерге жол салды.

Түйіндей айтқанда, қазақ балалар әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесіндегі ғылыми ізденістер тәжірибесі оның әлемдік әдебиеттанудың қағидаларымен ұштасу мүмкіндігін көрсетсе, келтірілген дәйекті тұжырымдар мен болжам-топшылаулар балалар әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесінің әлі де болса жан-жақты қарастыратын түйіндері барын анық байқатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Большая школьная энциклопедия. - Москва:ОЛМА –Пресс, 2000. -720 б.
2. Жұмағұлов А.Б. Қазақ әдебиетін дәуірлеу тарихы. -Қарағанды:ҚарМУ баспасы, 2012. -145 б.
3. Сетин Ф.И. История русской детской литературы. - Москва:Проосвещение, 1990. -303 с.
4. Русская литература для детей. - Москва:Академия, 1998. -512 с.
5. Арзамасцева И.Н., Николаева С.А. Детская литература. - Москва:Академия, 2001. -472 с.
6. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. -Астана: Күлтегін, 2003. – 368 б.
7. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. -Алматы:Қазақ университеті, 2001. -467 б.
8. Жолдасбеков М.Асылдарым. Эссе. //Егемен Қазақстан. 7 қаңтар. 2011 жыл.
9. Әбілұлы М. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті. -Алматы: Эверо, 2015. -212 б.
10. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 2-том. -Алматы:Өнер, 2008. – 304 б.

САУАТТЫЛЫҚҚА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Смағұлова Қ.Ғ.,

*БАҰО «ӨРЛЕУ» АҚ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ
«Тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру»
кафедрасының аға оқытушысы,*

Смағұлов Қ.Ғ.,

*КММ «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім және тәрбие алу үшін қажетті жағдай жасау; Оқыту және тәрбие берудегі жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.[1,бет 12]

Сондықтан, міндеттерді орындауда білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту бүгінгі күнде өзекті болуда. Педагогтардың біліктілігін арттыру мазмұнында оқу сауаттылығын дамытуды ұйымдастыру мәселесі де назардан тыс қалуға тиісті емес. Осы орайда білім алушының құзыреттілігін дамыту оқу сауаттылығын қамтамасыз етумен байланысты екені баршамызға сөзсіз белгілі.

Алайда, «Құзыреттілік» анықтамасы әдебиетте білім мен мүмкіндіктің бірігуін, зерттеу еңбегі нәтижесін, жеке тұлғаның сапасын, жалпы мәдениет пен істің күрделі мәдени жиынтық түрлерін іске асыра алуын, адамның өзгелермен қажетті байланыс құрып, оны сақтай алуын білдіреді.

«Құзыреттілік қарым-қатынас өзіне қойылған талаптарға жан-жақты жауап береді. Біріншіден, құзыреттілік білімді құрайтын дағдыны және интеллектуалды өзіне біріктіреді. Бұны құрайтындар